



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

РГКП «ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІ» РМҚК

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ 2021 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫС ЕСЕБІ

Алматы, 2021

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2021

МАЗМҰНЫ

Музейдің 2021 жылғы негізгі жетістіктері	3
МУЗЕЙ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ	
Қор және реставрациялау жұмысы	9
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ	18
Қазақстан бейнелеу өнері ғылыми бөлімі	20
Сәндік-қолданбалы өнер ғылыми бөлімі	24
Шет ел өнері ғылыми бөлімі	26
Музей қызметі аясындағы ғылыми сараптама	30
Музей қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдары	31
Халықаралық конференцияларға, семинарлар мен дөңгелек үстелдерге қатысуы	36
МУЗЕЙ ОҚИҒАЛАРЫ	
Дөңгелек үстелдер, семинарлар, шығармашылық кездесулер	42
Көрме-экспозиция жұмысы	43
Музейдің баспасөз қызметінің жұмысы	54
Музейдің әлеуметтік және қайырымдылық жобалары	75
Ақпарат және баспа қызметі бөлімі	76
Қастеевтің мұражай-үйі	77
Музейдің ғылыми кітапханасы	77
Инженерлік-техникалық қызмет және ғимаратқа қызмет көрсету және күтіп ұстау бөлімі	79
Қаржылық есеп	82

Бекітемін
Ә. Қастеев атындағы
ҚР МӨМ директоры
Г.К. Шалабаева

«___» _____ 2021 ж.

МУЗЕЙДІҢ 2021 ЖЫЛЫ НЕГІЗГІ ҚОЛ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

2021 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын мерекелеу болғандықтан осы жылғы музей шараларының негізгі бөлігі мерейтойлық датаға орайластырылды.

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің 2021 жылғы есебінің жалпы саны:

- **Жаңа түскен туындылар – 46** (кескіндеме – 27, графика – 11, мүсін – 1). 2021 жылғы 15 желтоқсандағы жағдай бойынша қорда сақтаулы тұрған туындылардың жалпы саны 25 758.
- **125 туынды реставрацияланды:** кескіндеме – 35, графика – 55, мүсін – 7, зергерлік бұйымдар – 7.
- **Көрме – 50 (Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ мен ОКЗ):**
 - олардың **6 халықаралық** – (РФ Бас консулдығының қолдауымен «Періштелер уақыты»; Ю. Вирко; Рерихтің көрмесі; Ольга Киселёваның АЛМА халықаралық жобасы (Франция), қуыршақтар көрмесі, Шри Чинмой Джарна (АҚШ),
 - **6 республикалық** («Гүлдене бер, менің Қазақстаным»; арт-симпозиум «Ұлы тауларының шыңдары», Замануи өнер және дизайн көрмесі – «Ырғақ сезімі»; Қолөнершілер одағының көрмесі – «Шебер»; ҚР СО есептік көрмесі; пленэр көрмесі «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі»),
 - **7 музей қорынан** («Жер планетасынан келген адам»; «XVI-XVII ғасырлардағы Еуропа графикасы»; «Ресей өнері»; Иткиндтің 150 жылдығына көрме «Таңырқаған жиһангер»; Ескен Сергебаевтың мүсіні; Елена Бейсембинова, «Жамбыл Жабаевтың бейнесі»).



Аса маңызды көрме жобаларының ішінде:

- **«Гүлдене бер, Менің Қазақстаным», наурыз 2021.** Республикалық көрме Қазақстанның заманауи өнер шеберлерінің басын қосып, музей қорын Қазақстанның заманауи суретшілерінің жұмысымен толықтыруға септігін тигізді.
- **Н.К. Рерихтің көрмесі** Шығыс халықтарының өнері музейі қорынан (Мәскеу). Ауқымды қоғамдық резонанс тудырды. 17 қыркүйек-31 қазан 2021.
- **«Ырғақ сезімі».** Альфа-Банктің көмегімен ЭТАЖ ұйымдастырған Қазақстанның заманауи суретшілері мен дизайнерлерінің көрмесі. Екі апта ішінде көрмеге 24000 адам келіп, зор табысқа жетті.



- Адамзат баласының ғарышқа ұшуының 60 жылдығына **«Мәңгілік біргеміз» қуыршақтар көрмесі** – 8 381 көрермен 4 – 14 қараша аралығында.
- Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтымен бірлескен **«Ұлы дала тарихы мен мәдениеті» көрмесі**

- Қазақстан Қолөнершілері одағының «Шебер-2020/2021» конкурсы жеңімпаздарының көрмесі.
- **ҚР СО есептік көрмесі** – Қазақстанның әр өңірінен суретшілердің 200-ден аса туындысы қойылды.

- **Келушілердің саны 144 923 адам.** Бұл көрсеткіш жоспар бойынша 120 мың болған өткен жылдың және оның алдындағы жылдардың келушілер санынан асып түсті.

- Қаңтар – 7 620
- Ақпан – 6 812
- Наурыз – 7 894
- Сәуір – 11 250
- Мамыр – 13 556 (12000 – «Музей түні»)
- Маусым – 12 000
- Шілде – 10 195
- Тамыз – 11 500
- Қыркүйек – 13 505
- Қазан – 25 945
- Қараша – 15 828
- Желтоқсан - 12 580



- **Музейді және онда болып жатқан оқиғаларды ақпараттық ілгерілету қызметі: 2 902 жарияланым, олардың 563-і БАҚ-та, қалғандары әлеуметтік желілер мен музей сайттарында.** Музейдің барлық шараларын кеңінен жария ету, БАҚ-та тұрақты ақпараттық шығуларды қамтамасыз ету, музей сайтын тұрақты түрде жаңарту және толықтыру және әлеуметтік желілерде жұмыс істеу.

- Көрмелер бойынша: телевидениеге шыққаны 72 сюжет, баспа басылымдарында – 155 жарияланым, интернет-порталдарда – 253 жарияланым.
- Музей қызметі жайлы телевидениеге шыққаны – 28 сюжет, 39 сұхбат, баспа басылымдарында – 16 жарияланым, интернет-порталдарда – 39 жарияланым, «Музей хикаяттары» бойынша 16 бағдарлама түсірілді.
- Жалпы қорытынды: телевидениеге 100 сюжет шықты, баспа басылымдарында – 171 жарияланым, интернет-порталдарда – 292 жарияланым.
- Музей сайтында 93 жарияланым орналастырылды.

- «Әсем әлем» өнер академиясының әдемдің көркем мәдениет бойынша көктемгі және күзгі дәрістер циклы аясында **53 дәріс**

оқылды, сонымен қатар «Sulprak» компаниясы үшін 1 көшпелі дәріс – 24 маусым.

- **384 экскурсия жүргізілді:** студенттер мен оқушыларға – 132, ересектерге – 86, шефтік – 166.



- Дөңгелек үстел – 7
- Ғылыми жарияланым - 35
- Конференциялар мен форумдар:
 - Жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2021» ғылыми-практикалық конференциясы состоялась 2021 ж. 22 қыркүйекте өтті. Қазақстан Тәуелсіздігінің мерейтойлы жылы конференция тақырыбы «мәдениет кеңістігі және тарихи сана» болып аталды. Конференция қорытындысы бойынша материалдар жинағы шығарылды, оған қазақстандық және шет елдік зерттеушелірдің 30 мақаласы енді.
 - Республикалық арт-симпозиум «Ұлы тауларының шындары» – көрме, талқылау, марапаттау
- «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы:
 - «Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-де инновациялық цифрлық технологияларды енгізу тәжірибесі» тақырыбы бойынша музей қауымдастығы үшін онлайн-таныстырылым.
 - Музейдің тұрақты экспозициясында ақпараттық дүңгіршектер қол жетімді, ол жерден көрермендер 2000 мүсін және сәндік-қолданбалы өнер экспонатын қамтитын 3D каталогының мәліметтерінің толық базасымен таныса алады <https://3d.gmirk.kz/index.php/ru/>.
 - Бірыңғай Мемлекеттік тізімдемеге – 4001 бірлік және Мемлекеттік каталогқа – 5759 бірлік берілді (қаз., орыс).

- Музей қызметкерлері **«Мәдениет пен спорт – цифрда» атты мәдениет пен спортты цифрлау туралы онлайн-конференцияға қатысты, profitday.kz. 27 тамыз 2021.**
- **ААЖ жүйесінде музей коллекциясының бірыңғай электрондық каталогын толықтыру бойынша жұмыс – 100 карточка енгізілді.**
- **Музей қорын цифрлау – қорда сақталған 1555 бірлік суретке түсірілді.**
- **Қазақстандық және әлемдік өнерді ілгері жылжыту бойынша онлайн-эфир –73 ролик #kasteyev_онлайн жобасы үшін.**
- **Музей басылымдарын ілгері жылжыту.** ҚР Тұңғыш Президентінің кітапханасына, Ұлттық кітапханаға музей басылымдары тапсырылды. АҚШ-та өткен халықаралық симпозиумның қорытындысы бойынша әлем кітапханаларына тарату үшін Вашингтонға 120 кітап жіберілді.
- **Ынтымақтастық туралы 7 Меморандумға қол қойылды.** Зағип және көзі нашар көретін балаларға арналған «Әлемді ашамыз» жобасы бойынша «Дара» жеке қоры мен «Гала Глобал групп» ЖШС-мен үш жақты меморандум, «Алматы қаласының туризм басқармасы» КММ-мен меморандум», Ұйғыр мәдениет орталығымен, «Арт-Мирай» (Алтын-Арт журнал), Шығыс халықтары өнері музейі (Мәскеу), ҚР Қолөнершілер одағы.
- **63 сараптамалық қорытынды әзірленді,** зерттеуге 85 туынды қабылданып алынды (2021 жылдың 10 айы ішінде).
- **Ғылыми жарияланымдар – 38,** оның ішінде біреуі – халықаралық (Үндістан). Қызметкерлер жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2021» ғылыми-практикалық конференциясының қорытындысы бойынша ғылыми мақалаларын жариялады.
- **Кітап оқу жылына арналған жоба аясында.** Музей қорындағы шығармаларды пайдаланып, оқушыларға онлайн-ертегі оқу. Орындағандар: Әбиров Б., Горовых О., Бөкеш Т., Жұбаниязова Г., Жұбанова Г.
- **Музейдің әлеуметтік және қайырымдылық жобалары:**
 - Жыл сайынғы «Періштелер уақыты» авторлық интерьерлік қуыршақтардың IV Халықаралық көрмесі. Түскен қаражат науқас балаларға аударылатын қайырымдылық жобасы – 9-23 қаңтар 2021.

– **Инклюзивтік бағдарламалар аудиодескрипция жобасы.** Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ «Дара» жеке қорының көмегімен зағип және көздері нашар көретін балалар жасындағы көрермендерге арналған аудиогидтерді сатып алып, аудиодескрипцияны енгізді. Жоба1 маусымда ұсынылды. Музейдің тұрақты экспозициясының түрлі тақырыптық бөлімдерінің 60-қа жуық экспонаттарының сипаттамалары жазылған 10 аудиогид сатылып алынды.



- **Адам капиталын арттыру.** Гёте-институтының қолдауымен музейде халықаралық сарапшы Гангольф Ульбрихтың (Германия) қағаз жасау бойынша халықаралық ғылыми-практикалық семинары өтті, қараша. ЮНЕСКО кластерлік бюросының онлайн-вебинарлар сериясына жыл бойы қатысты.
- **Музейде коронавирустан вакциналау орталығы жұмыс істеді** – сәуір-мамыр 2021.

2021 жылдың өткен уақытында музейдегі карантиндік жағдайға байланысты қызметкерлердің бір бөлігі көктемгі кезеңде шамамен екі айда қашықтықтан жұмыс істеді.

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ үшін 2021 жылдың жалпы жоспарлы көрсеткіштері

- Экскурсия жүргізу, дәріс оқу – 500 – орындалғаны **437**
- Келушілермен қамтамасыз ету – 100 000 чел. – **артығымен орындалды 144 923**
- Көрме өткізу – 50 – **орындалғаны 50**

Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МӨМ БӨЛІМДЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ

МУЗЕЙДІҢ ҚОР және РЕСТАВРАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Музейдің басты міндеті музей жинақтамасын жинақтау, қалыптастыру және сақтау болғандықтан, музейдің қор жұмысы музей қызметінің маңызды бөлігі болып саналады. Музейдің қор жұмысы көркем туындыларды есепке алу, сақтау және реставрациялау болып бөлінеді.

2021 жылғы 15 желтоқсандағы жағдай бойынша қорда сақтаулы тұрған туындылардың жалпы саны 25 758.

2021 жылы қор 46 жаңа туындымен толықты, оның 43-і қорда сақтауға сыйға алынды, және Стадничуктің 3 кескіндеме жұмысы реставрация кезінде анықталды. ҚСК (Қор-сатып алу комиссиясы) мүшелерінің шешімімен **негізгі қорға тұрақты сақтауға 39 сақтау бірлігі** (Қазақстан кескіндемесі – 27, Қазақстан графикасы – 11, мүсін – 1) қабылданып алынды. Қосымша қордың КМК-ға 7 сақтау бірлігі; 6 - авторлардан сыйға алынды, 1 – реставрация кезінде Стадничуктің кескіндеме жұмысы екені анықталды.

Құжаттама тиісінше рәсімделді: әрбір туынды туралы деректермен акт жасалды; актілер тиісті тіркеу кітаптарында тіркелді: актіге реттік нөмір берілді, туындыға белгілі бір реттік нөмір берілді. Музей заты мен оның ілесіміне құжаты (актісі) тиісінше есепке алу қорының меңгерушісі И.А. Школьнаяға табысталды.

I. Музейлік заттарды тіркеу

Музей қабылдаған барлық музей заттары міндетті түрде есепке алынып, арнайы есепке алу кітаптарында тіркелуі тиіс. Бөлім қызметкерлері тұрақты түсу актілеріндегі барлық мәліметтерді толық каталогтық мәліметтері бар есеп кітаптарына енгізіп, әрбір экспонатқа тиісті нөмір береді. Барлық жаңадан түскен туындыларға жұмыс, авторлық және жалпы картотекаларға арналған карточкалар жасалды, экспонаттарға таңбалау жүргізілді. Бір жыл ішінде тұрақты түсімдер кітабына 65 сақтау бірлігі, инвентарлық кітаптарға – 37 сақтау бірлігі енгізілді.

II. Басқа музейлер мен ұйымдарға уақытша сақтауға туындылар беру:

Туындыларды алдын ала іріктеу жүргізіліп, қаралды, бұйрық үшін жұмыстардың тізімі дайындалды, туындылардың сақталуының толық сипаттамасы жазылып, сақтандыру құны, таза салмағы көрсетілген көрсетілген беру актілері жасалды, туындылар суретке түсірілді, буып-түю жүргізілді, жүкті жөнелтуге арнайы жөнелту құжаты жасалды.

№	Көрменің атауы, автордың ТАӘ	Ұйымның атауы, елі	Уақыты	Берілген жұмыстардың саны	Қайтарылғандардың саны
---	------------------------------	--------------------	--------	---------------------------	------------------------

1	«Жер-Ғарыш»	«Болашақ Нұр-Әлем энергиясы» музейі. Нұр-Сұлтан қаласы	тамыз-қыркүйек	18-Қазақстан кескіндемесі. 1-мүсін 7-Қазақстан графикасы. Барлығы: 26 (жиырма алты) музейлік зат.	18-Қазақстан кескіндемесі. 1-мүсін 7-Қазақстан графикасы. Барлығы: 26 (жиырма алты) музейлік зат.
2	«Әлем тағы»	«Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» РМҚК. Нұр-Сұлтан қаласы	қыркүйек	11-Қазақстан кескіндемесі	11-Қазақстан кескіндемесі
3.	«Археологиялық артефактілер және бейнелеу өнерінің туындылары»	«Г. Айтиев атындағы Қырғыз Ұлттық бейнелеу өнері музейі». Бішкек қаласы	қазан	20-Қазақстан кескіндемесі 8-мүсін Барлығы: 28 (жиырма сегіз) музейлік зат	20-Қазақстан кескіндемесі 8-мүсін Барлығы: 28 (жиырма сегіз) музейлік зат
	Барлығы			65	65

1	Тұрақты сақтауға туындылар беру:	ҚР Ұлттық музейіне	21 сақтау бірлігі (Уақытша сақтау қорынан тұрақты сақтауға облыстық музейлерден келген археологиялық заттар берілді)
---	---	---------------------------	---

III. Инвентарлық сипаттамаға туындыларды беру

Қор сақтау бөлімінің қызметкерлері ғылыми қызметкерлермен бірлесіп, экспонаттарға ғылыми сипаттама жасайды, инвентаризациядан кейін нөмірлері есепке алу секторындағы түсімдер кітабына енгізіледі, туындыларды таңбалау жүргізіледі, картотекалармен және тұрақты сақтау актілерімен жұмыс жүргізіледі. 9 ғылыми қызметкер 164 туындыға сипаттама жүргізген, оның ішінде 140 инвентарлық карточка тапсырылды.

IV. Қордағыларды қабылдау-табыстау және бар-жоғын салыстыру (түгендеу):

Берілетін және тексерілетін қор заттарының бар болуы мен сақталу жағдайын тексеру, оларды түсімдер кітаптарындағы, түгендеу кітаптарындағы жазбалармен, актілермен және басқа да есепке алу құжаттамаларымен салыстыру жүргізілді. Түгендеуден өткен барлық музей заттарының тізбесімен акт (салыстыру коллекциялық тізімдемесін) жасалды. **2021 жылы 13927 музейлік заттарды қамтыған 7 қордағы**

заттарға салыстырып-тексеру жүргізілді. Салыстыру мамыр-қараша аралығында жүргізіліп, мыналарды қамтыды: шетелдік графика қоры; шетелдік сәндік-қолданбалы өнер қоры; зергерлік өнер қоры; былғарыдан жасалған бұйымдар қоры; мүсін қоры; ежелгі Қазақстан қоры; Қазақстанның кескіндеме қоры.

V. ҚР электрондық Мемлекеттік каталогымен жұмыс:

2021 жылы ҚР Ұлттық музейіне жіберілген мәліметтер:

1. Мемлекеттік каталог – 5759 сақтау бірлігі, қазақ және орыс тілдерінде
2. Мемлекеттік тізімдеме – 4001 сақтау бірлігі, қазақ және орыс тілдерінде

Қазақстан Республикасы музей қорының Мемлекеттік каталогын жүргізудің әзірленген және бекітілген қағидалары бойынша қор сақтау бөлімінің қызметкерлері музей коллекциясының барлық бөлімдері бойынша дерекқормен жұмыс істейді:

- Қазақстанның түпнұсқа графикасы – 529 сақтау бірлігі
- Қазақстанның баспа графикасы – 670 сақтау бірлігі
- Батыс Еуропа түпнұсқа және баспа графикасы – 237 сақтау бірлігі
- Шетел өнерінің баспа графикасы, XX ғасыр – 646 сақтау бірлігі
- Шығыс сәндік-қолданбалы өнері – 945 сақтау бірлігі (Үндістан, Жапония)
- Заманауи шетел өнері – 792 сақтау бірлігі

2021 жылы Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі ҚР Бірыңғай электрондық Мемлекеттік каталогына барлығы 3 828 сақтау бірлігін берді.

Тізімге автор туралы толық деректер, туындының атауы, жасалған күні, музей затының техникасы, өлшемі, сақталу сипаттамасы, түскен көзі мен жылы, туындының құны мен фотосуреті енгізілген.

VI. Музейшілік қозғалыстар: туындыларды акт бойынша беру (экспозицияға, реставрацияға, суретке түсіруге)

Жалпы алғанда жыл бойы залдарға 21 көрмеге 333 сақтау бірлігі (кескіндеме, графика, мүсін және СҚӨ (сәндік-қолданбалы өнер) туындылары) берілді. Қорға 532 сақтау бірлігі қайтарылды (2020 жылы экспозицияға берілген жұмыстарды қоса алғанда).

Туындылардың сақталуына іріктеу жүргізіліп, қаралды. Қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, топографиялық кітапқа тиісті жазбалар жасалды. Жұмыстар жақтауларға салынған. Музей ішінде туындылардың сақталуын және әрбір экспонатқа нақты картотекалық деректерді толық сипаттай отырып беру актілері жасалды. Қайтару кезінде: жұмыстарды карточкалармен салыстырып тексеру, актілер бойынша сақталуын

салыстырып тексеру жүргізілді, қорларға қайтару актілері жасалды, жұмыстар топографияға сәйкес орналастырылды.

Қалпына келтіруге 213 шығарма берілді: 32 кескіндеме (3 күрделі), 51 графика, мүсін – 7 (6 тазалау, 1 реставрация), зергерлік бұйымдар және былғары – 123. 177 жұмысты қайтарылды, 41 – жасалуда).

Суретке түсіруге 1555 сақтау бірлігі берілді: қазақстандық және шетелдік графика және Шығыс СҚӨ, штаттағы фотограф Игорь Кочетков. Топографияға сәйкес орындар бойынша орналастырылғаннан кейін түсірілімге шығармаларды іріктеу бойынша жұмыс жүргізілді. Журналдарға файлдардың нөмірлері мен инвентарлық нөмірі тіркелді. Сандық деректер базасына деректер мен түгендеу нөмірлері енгізілді.

ТВ-ға түсіру үшін 35 туынды берілді: (Ә. Ысмайылов, А. Ророкин, П. Зальцман, Н. Бубэ, А. Нода А., Ү. Әжиев, Е. Сидоркин).

VII. Туындыларды профилактикалық тексеру

Қор сақтаушылар реставраторлармен бірлесіп сақтау орындары мен экспозициялық залдардағы жұмыстардың туындылардың сақталу жағдайына тексеру жүргізді. **Жалпы саны 1313 туынды қаралып, зерттеу жүргізілді:** кескіндеме – 155, зергерлік бұйымдар – 293, ағаш, тоқыма – 199, графика – 400, киіз – 9, мүсін – 75, былғары – 85, Шығыс СҚӨ – 87.


VIII. Қордағы экспонаттарды кептіру:

шілде, тамыз

Температуралық-ылғалдылық режимін сақтаудан өзге жұмсақ инвентарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жазғы уақытта киізден жасалған және тоқыма бұйымдарды міндетті түрде кептіру және желдету, сондай-ақ барлық қорлар мен экспозициялық залдарды тоқсан сайын өндеу маңызды. Кептіру – жұмсақ жабдықтардың жақсы сақталуы үшін қажетті жыл сайын қолданылатын рәсім.

Үстіміздегі жылы 189 сақтау бірлігі – барлық ірі кілем бұйымдары кептіріліп, өңделді: 89 сақтау бірлігі – тоқылған кілемдер, сондай-ақ 100 гобелен.





Кептіргеннен кейін міндетті түрде шаңсорғышпен тазаланады. Кілем бұйымдары біліктерге оралып, қаптамаларына салынып, орнына қойылады. Жаңа топографиялар жасалды.

X. Музей жобаларына қатысуы:

№	Атауы	Орындаушы	Уақыты
1	Музейдің Қор-сатып алу комиссиясына қатысу	Молдашева Г.Б. Школьная И.А.	Жыл бойы
2	Музейдің әдістемелік кеңесінің жұмысына қатысу	Молдашева Г.Б. Школьная И.А.	Жыл бойы
3	«Ә. Қастеев атындағы музей түні-2021» – «Жан біткен экспонаттар»	Горовых О.	май
4	«Ұлы дала тарихы мен мәдениеті» көрмесінің бірлескен жетекшісі (Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институтымен бірлескен жоба)	Молдашева Г.	қазан

XI. Ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысу

№	Атауы	Қатысушылар	Уақыты
1	Жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2021» ғылыми-практикалық конференциясына қатысу. «И.Е. Репин. В.В. Битнердің портреті. Үздік шығарманың тарихына шолу, оның айқын мағынасы және жұмбақ астары». Мақала баяндамалар жинағында.	Школьная И.	қыркүйек
2	«Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ ғылыми еңбектері» жинағы. Мақала «Қазақ әйелдері. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы Қазақстан	Школьная И.	

	суретшілерінің туындыларындағы рухани бастаулар, ұлттық дәстүрлер және аналар бейнесінің әлемдік мұра тәжірибелері»		
3	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан Ежелгі орыс өнер каталогын редакциялау (жұмыс істелуде)	Школьная И.	
4	Деректерді атрибуттау және нақтылау: Батыс Еуропа графикасы қоры бойынша атрибутталды, деректер толықтырылды және нақтыланды (авторы, жасалған күні, атауы, техникасы және т.б.). Барлығы – 205 графикалық парақ. Кейін музейдің ғылыми кеңесінде қарап, бекіту мақсатында (музейдің түгендеу кітаптарына өзгерістер енгізу үшін).	Школьная И.	
5	«Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан Латвия, Литва және Эстония график-суретшілерінің шығармаларына шолу» баяндамасымен жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2021» ғылыми-практикалық конференциясына қатысу.	Горовых О.	қыркүйек
6	Халықаралық семинарлар мен қағаз жасау бойынша шеберлік-сабақтарына қатысу. Сабақты қағаз жасаудан халықаралық сарапшы Гангольф Ульбрихт (Германия) жүргізді.	Молдашева Г. Әбирова Б. Горовых О.	желтоқсан



XII. Онлайн-таныстырылымдар мен ТВ-ға дайындық және сөз сөйлеу:

№	Атауы	Орындаушы	уақыты
1.	ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Кітап оқу жылы» тапсырысы бойынша видеодан онлайн-ертегі оқу, қатарынан 6 ертегі 1. «Алдар-Көсе мен сараң бай» 2. «Орман емшісі» 3. «Балалардың халық әні» 4. «Мысық пен түлкі» 5 «Қаңбақ шал» 6. «Хәлібек батыр»	Әбирова Б. Горовых О. Бөкеш Т.	наурыз
2.	«БАТЫС ЕУРОПА ӨНЕРІ ЗАЛЫНДАҒЫ ӘУЛИЕЛЕР БЕЙНЕСІ» онлайн-дәріс	Бөкеш Т.	
3.	«Ел арна» ТВ сұхбат. «Хронограф-2021» Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорының қызметі туралы	Молдашева Г. Әбирова Б.	қазан

XIII. Ғылыми қызметкерлермен жұмыс:

Қазақстан бейнелеу өнері ғылыми бөлімімен бірлесіп туындылардың бар-жоғын салыстырып тексеру, суретке түсіруге картиналарды іріктеу және беру, түгендеу кітабымен, картотекамен жұмыс жүргізілді.

– **Шет ел өнері (кескіндеме, графика):** Экспонаттарды зерттеу, суретке түсіру, туындыларды көрмеге дайындау, салыстырмалы талдау

– **Қазақстан қолданбалы өнері:** Қымыз ыдыстары бойынша фотосуреттері бар толық каталогтық деректерді беру – «Торсық».

– **Қазақстан графикасы:** картотекалар экспонаттармен салыстырылып тексерілді

– **Мұрағаттық деректермен жұмыс:** Ғылыми бөлімдерге альбомдармен, каталогтармен, мақалалармен және хабарламалармен (туындылар, авторлар, есепке алу секторындағы мұрағаттық құжаттар бойынша түсу көздері туралы мәліметтерді нақтылау) жұмыс істеуге көмек көрсету.

– музейдің Сараптама комиссиясына салыстырмалы талдау жасауға **Қазақстан суретшілерінің кескіндемелік және графикалық туындыларын іріктеу.** Жалпы саны – 66 экспонат (29 – кескіндеме, 37 – графика).

– **Музей қорына кейін келіп түскен Қазақстанның кескіндеме туындыларын қарау.**

XIV. Бөлімнің картотекамен жұмысы

Жұмыс, негізгі, авторлық картотекаларды жаңарту, толықтыру – 2500 карточка.

XV. 3D мультимедиялық бағдарламасына түсіру

Тізімге сәйкес іріктеу және беру, түсірілімнен кейін туындылардың сақталуын тексеру, сақтау орындары бойынша орналастыру

«3-D» суретке түсіруге берілгені

қаңтар

– Зергерлік бұйымдар – сақиналар мен жүзіктер **12 сақтау бірлігі**

XVI. Тағылымдамалар мен кеңестер

Жыл сайын Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-де облыстық музейлер мен басқа да мекемелердің қызметкерлері біліктілікті арттыру курстарынан өтіп тұрады. Үстіміздегі жылы:

1. Ақтөбе облыстық музейінің 2 қызметкері – А. Қуанова мен И. Әлібекова,
2. Ш. Сариев атындағы Атырау облыстық өнер музейінің 3 қызметкері – А. Дүйсенғали, Ш. Лұқпанова, Н. Нұғманова бір апталық тағылымдамадан өтіп, өздерін қызықтырған мәселелер бойынша кеңес алды, сақтау, есепке алу және реставрациялау бойынша жұмыс тәжірибесімен танысты. Есепке алу секторындағы есепке алу құжаттамасымен, музей қорларымен, туындылардың түрлері бойынша сақталу шарттарымен, картотекалардың барлық түрлерімен, топография жүргізумен және т.б. танысты. Қараша, желтоқсан





XVII. Автоматтандырылған ақпараттық жүйемен (ААЖ) жұмыс

ААЖ электрондық жүйесіне ғылыми деректерді енгізу: қараша

Әбирова Б. – 29 сақтау бірлігі

Горовых О. – 20 сақтау бірлігі


Әлкина А. – 25 сақтау бірлігі

Елеуова А. – 23 сақтау бірлігі

XVIII. Қордағы жоспарлы дезинсекция

жыл бойы

Тоқсан сайын арнайы химиялық заттарды пайдалана отырып, қор қоймаларының үй-жайларын және экспозиция залдарын жоспарлы өңдеу жұмыстары жүргізіледі.



Сүзгілер мен дабылдық жабдықтарды орнату кезінде инженерлік қызметпен жұмыс

жыл бойы

Қоймалардың үй-жайларында дабыл жұмысын бақылау, сондай-ақ ішке берілетін ауаны тазарту жүйелеріндегі сүзгілерді бақылау және ауыстыру үнемі жүргізіледі, өйткені атмосфералық ластану музей заттарының сақталуына кері әсерін тигізеді.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

Ғылыми жұмыс музей қызметінің негізгі басым түрлерінің бірінен саналады. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты музей коллекциясын, жекелеген суретшілердің шығармашылығын зерттеу, атрибуция бойынша зертеу жұмысын жүргізу, жиналған мәліметтерді қорыту. Теориялық зерттеулер ғылыми және көпшілікке танымал басылымдарда, конференциялардағы баяндамаларда жарияланым түрінде жүзеге асырылады, сонымен қатар экскурсиялар, дәрістер мен әдістемелік әзірлемелер дайындауда қолданылады.

Мемлекеттік өнер музейінің ғылыми қызметін жетілдіруді басты мақсат еткен музейдің ғылыми-зерттеу жұмысына, сондай-ақ Қазақстан мен шет елдің ғылыми, шығармашылық және педагогикалық қызметін нығайтып бекітуге Ғылыми кеңес жетекшілік етеді. Ғылыми кеңес кешенді даму және ғылымаралық өзара іс-қимыл бағдарламаларын пысықтайды, ғылыми қызметтің негізгі бағыттары мен проблемалары бойынша ұсыныстар енгізеді, жариялауға дайындалған ғылыми, ғылыми-анықтамалық және ғылыми-көпшілік сипаттағы жұмыстардың қолжазбаларын оларды жариялаудың орындылығы туралы қорытындылар әзірлей отырып қарайды және т. б.

Музей қызметінің ғылыми-зерттеу бағытының басты бағыты – ғылыми каталогтармен жұмыс істеу. Бұл жұмыс коллекцияның барлық элементтерін олардың мәні мен маңызын анықтау, әртүрлі елдер мен дәуірлердің тарихи және көркемдік жағдайы мен стилистикасын талдау үшін егжей-тегжейлі зерттеуге негіз болады. Бұл – музей коллекциясының тақырыптық бөлімдері бойынша каталогтар шығаруды түпкі мақсат еткен музей жинағын егжей-тегжейлі зерттеудің көп жылдық процесі. Әрбір ғылыми қызметкер жеке ғылыми тақырыбын анықтайтын музей коллекциясы бөліміндегі белгілі бір материалға икемделіп маманданады. Ғылыми қызметтің практикалық тәсілдеріне: ғылыми тақырыптар бойынша материалдарды зерттеу және жинау, өнер заттарын атрибуттау, ғылыми-практикалық конференциялар үшін мақалалар, баяндамалар мәтіндерінде, сондай-ақ лекцияларды, экскурсияларды, әдістемелік әзірлемелерді және т. б. ғылыми әзірлемелерде зерттеулер нәтижелерін пайдалану жатады.

Музейдің өз қорындағы да, жеке жинақтамалардан да келген көркемсурет туындыларын құрамына музейдің тәжірибелі ғылыми қызметкерлері кіретін музейдің сараптама кеңесінің жұмысы шеңберінде сараптау және атрибуттау – музейдің ғылыми қызметінің ажырамас бөлігі.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналып, 2021 жылдың 22 қыркүйегінде өткен жыл сайынғы «Қастеев оқулары» ғылыми-практикалық конференциясы – маңызды ғылыми іс-шара. «Мәдениет кеңістігі және тарихи сана» конференциясы тақырыбының проблематикасы – мамандарға музей жұмысында оның алуан түрлі ерекшеліктерін ескере отырып ғылыми қызметке назар аудару. Іс-шараға өнертанушылар, мәдениеттанушылар, Қазақстанның Алматы, Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Семей, Өскемен, Шымкент сияқты бірқатар қалаларынан музей саласының мамандары, сондай-ақ



Ресей Федерациясының ғалымдары қатысты. Конференция қорытындысы бойынша 30 мақаладан тұратын материалдар жинағы шығарылды.

Музейдің ғылыми-әдістемелік және ғылыми-дәріптеу қызметі ғылыми қызметтің келесі бір бағыты, ол – экскурсиялар мен лекциялар дайындау, оқырманның кең ауқымына бағытталған басылымдарда мақалалар жариялау үшін материалдар дайындау. Осылайша, «Әсем әлем» іші өнер академиясы – әлемдік және қазақстандық өнер тарихы бойынша дәрістер курсы көрермендер арасында зор табысқа ие. Дәрістерді музей мамандары үнемі жаңартып, тақырыптық қамтуды кеңейтуге тырысады.

Музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында олар үшін ғылыми семинарлар ұйымдастырып, өткізеді: экскурсия жүргізу әдістемесі, экспозициялық кеңістікті ұйымдастыру, көрме тұжырымдамасын әзірлеу және т.б. Сондай-ақ, ғылыми қызметкерлер музейде өтетін уақытша көрмелерге жетекшілік етеді, оған тұжырымдаманы пысықтау, экспозиция бойынша жұмыс, аннотация мәтіні мен баспасөз мәлімдемесін дайындау, көрмені ашу және ілгерілету бойынша үйлестіру функциялары кіреді.

Музейдің ғылыми қызметкерлері ДЕ ААЖ (деректерді есепке алудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі) бірыңғай цифрлық дерекқорын толықтыруға қатысады.

Музейдің әрбір ғылыми қызметкері жылына музей артефактілерінің 50 ғылыми сипаттамасын өткізуді жоспарға енгізді.

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Қазақстандық кәсіби суретшілердің кескіндеме, түпнұсқа және баспа графикасы, театр кескіндемесі және мүсіндік туындылары – шамамен 12 мыңдай экспонат жинақталып, бекітілген музейдің ең ірі ғылыми бөлімдерінің бірі. Бөлімнің негізгі ғылыми тақырыбы «Қазақстан бейнелеу өнері: тарихы және қазіргі заман» қазақстандық суретшілердің шығармашылығын зерттеуге, жеке әрі жалпы стильдік ерекшеліктерін анықтауға, Қазақстандағы бейнелеу өнері кәсіби мектебінің түрлі кезеңіндегі тарихи сатылардың көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсетуге бағытталған.

Бөлімнің кадрлық құрамында 6 адам еңбек етеді.

Жеке ғылыми тақырыптары

- | | |
|--|---|
| Мұқажанова К.Ж.
Бөлім жетекшісі | «Қазақстан бейнелеу өнеріндегі тұрмыстық картиналардың дамуы». Тақырыпша: «Ұлттық көркемсурет және өнертану мектебінің қалыптасуы мен дамуы» |
| Мамытова С. М.
Кескіндеме және театр-декорация өнері секторының меңгерушісі | «Қазақстан графика өнерінің 1960-жылдардан қазіргі кезеңге дейінгі даму мәселелері мен тенденциялары» |
| Жадайбаев Ә. Ж.
Графика және мүсін секторының жетекші ғылыми қызметкері | 1970-1980-жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнері. Қазақстанның кескіндеме, графика және мүсін шеберлері шығармашылық тәсілдерінің негізгі даму кезеңдері мен ерекшеліктері. |
| Әбілдаева Л. О.
Кескіндеме және театр-декорация өнері секторының ғылыми қызметкері | Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан бейнелеу өнерінің көркемдік ерекшеліктері |
| Мырзабекова С.
Қазақстан бейнелеу өнері бөлімі графика секторының меңгерушісі | XX ғасырдың 2-жартысындағы Қазақстан кескіндеме өнерінің дамуындағы көркемдік ерекшеліктер». Тақырыпша: «1970-1980 жылдар кескіндемелеріндегі кеңістік шешімі» (А. Қазғұловтың шығармалары негізге алынған) |
| Омарова Е.
Кіші ғылыми қызметкер | «Қазақстандағы орыс суретшілері» Тақырыпша: «Т. Говорованың шығармашылығындағы Қазақстан кезеңі». Суретшінің 100 жылдығына арналады. |

Бөлімнің негізгі жұмысы – музей коллекциясының саны жағынан ең көп бөлімі – Қазақстанның бейнелеу өнері қоры бойынша ғылыми каталогпен жұмыс істеу. Каталогпен жұмыс істеу барысында

экспонаттарға ғылыми өңдеу жасалады – бөлім қызметкерлері **барлығы 100 ғылыми сипаттама** жазды, авторлық картотекамен жұмыс – **60 карточка** әзірледі. Бөлім қызметкерлері деректерді **ДЕ ААЖ жүйесінің электрондық цифрлық базасына 63 сақтау бірлігін** енгізді.

Ғылыми жұмыстың бір түрі – туындыларды атрибуттау және көркем бағалау. Бөлім 27 көркем туындыға ғылыми сараптама жасады, оның ішінде: К. Мұқажанова – 8 дана, Ә. Жадайбаев – 7 дана, С. Мамытова – 4 дана, Е. Омарова – 8 дана.

Каталогтармен жұмыс

№	Каталогтың атауы	Жұмыстың түрі (аннотация, атрибуция, реатрибуция, ғылыми- анықтамалық аппарат, редакциялау және т.б.)	Жоспарланған көлем
1.	«Қазақстанның түпнұсқа графикасы» каталогы	Суретшілер жайында деректерді анықтау, суретшілер жайында жаңа мәліметтерді енгізу, экспонаттардың бар-жоғын тексеру, суреттердің астына жазу жазу	Мамытова С.М. – жетекшісі, бөлім қызметкерлерімен бірлескен
2.	«Ұлы тауларының шындары» каталогы	Каталогты құрастыру, кіріспе мақала дайындау	Мамытова С.М., Мырзабекова С.К.

Халықаралық және ұлттық конференцияларға, семинарлар мен дөңгелек үстелдерге қатысу

Бөлім қызметкерлері конференциялар мен ғылыми форумдарға белсенді қатысып, өздерінің ғылыми тақырыптарымен шығып сөз сөйледі. Олардың ішінде:

- Даниил Гранин қорының «Ленинград блокадасы: өтпеген уақыт» онлайн-конференциясы, СПб;
- Ульянов көркемсурет музейімен «Жер планетасынан келген адам» адамзат баласының ғарышқа ұшуының 60 жылдығына арналған телекөпір, желтоқсан;
- ҚР БҒМ М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен «Бейнелеу өнері мұрасының патриоттық әлеуеті» онлайн-конференциясы, 7 қыркүйек;
- Өзбекстан Республикасының халық суретшісі Р. Ахмедовтің туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми онлайн-конференция, Өзбекстан, 5 қараша;

- О. Таңсықбаев ат. Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжімен Жеңіс күніне арналған «Соғыс және суретші» онлайн-конференциясы, 12 мамыр;
- Республикалық онлайн-форум «Музей дәстүрлері, процестері, инновациялары және шығармашылық идеялары», Ұлттық музей, Нұр-Сұлтан, 14 мамыр;
- Республикалық арт-симпозиум «Ұлы тауларының шыңдары», ОКЗ;
- Туғанына 150 жыл толуына арналған мүсінші И. Иткиндтің шығармашылығына арналған дөңгелек үстел (Еврей мәдениет орталығымен бірлескен), 21 қыркүйек;
- Жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2021» ғылыми-практикалық конференциясы.

Жыл бойы музей қызметкерлері бірнеше ғылыми мақала әзірледі. Түрлі дереккөздерде барлығы **3 ғылыми мақала** басылып шықты (К.Ж. Мұқажанова, Ә.Ж. Жадайбаев, Л.О. Әбілдаева). **Ғылыми жарияланымдар мен конференцияларға қатысу аттас бөлімдерде егжей-тегжейлі көрсетілген.**

Бөлім қызметкерлері «Дара» қорының қолдауымен нашар көретін және зағип көрермендерге арналған **аудиодескрипция жобасы** үшін Қазақстанның бейнелеу өнері бөлімінің шығармалары бойынша мәтіндерді дайындаудан маңызды жұмыс атқарды.

«Рухани жаңғыру» аясында Әбілхан Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің «Social Development Center» ҚҚ-мен бірлесіп ұйымдастырған «Ұлы тауларының шыңдары» Республикалық арт-симпозиумы 2021 жылдың маңызды жобасы болды. Жоба шеңберінде бөлім туындыларды іріктеу, көрмені ұйымдастыру, каталог дайындау, дөңгелек үстел, вернисаж өткізу және көрменің жабылуы бойынша жұмыс жүргізді.

Қызметкерлер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде экскурсия өткізуге және дәріс оқуға қатысады. **Қазақстан бейнелеу өнері бөлімінің қызметкерлері 54 экскурсия және 5 дәріс өткізді.** Жаңа дәріс тақырыптары әзірленуде, экскурсияларды дайындау жұмыстары жүргізілуде. Бейне-дәрістер мен презентацияларды дайындап, шығару – жұмыстың жеке маңызды түрі, музейдің әлеуметтік желілерінде 5 таныстырылым шықты:

1. Жадайбаев Ә.Ж. ҚР МӨМ порталы үшін видеоролик. «Дала үстіндегі кемпірқосақ». «В. Эйферттің шығармашылығы»;
2. Мырзабекова С.К. «Қайта өрлеу дәуірінің» алыптары («Титаны ренессанса»): «Микеланджело Буонарроти» – онлайн-дәріс;
3. Мырзабекова С.К. «Жер планетасынан келген адам». Адамзат баласының ғарышқа ұшуының 60 жылдығына арналған мерейтойлық онлайн-көрме;
4. Мырзабекова С.К. Ядролық полигонның жабылу күніне арналған «Семей – Невада»;

5. Әбілдаева Л.О. Онлайн-видеоролик: «Қазақстан бейнелеу өнеріндегі Жамбыл бейнесі».

Орталықтың ғылыми қызметкерлері өздерінің тақырыптық бөлімдері бойынша әдістемелік құралдар әзірлеумен айналысады:

- Экспозициядағы QR-кодтарға мәтіндерді дайындау бойынша жұмыс жүргізілді;
- 3D мүсін каталогы бойынша деректерді өңдеу және салыстыру;
- ДЕ ААЖ жүйесінде цифрлық мәліметтер базасының жүйесін қолдануға енгізу. «Музей құндылықтары қозғалысын есепке алудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалану және дамыту перспективалары. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ тәжірибесі» (Омарова Е.);
- «Жыл мезгілдері», «Балалар – бейнелеу өнерінде», «Анимализм» атты кәдесыйлық ашық хаттардың тақырыптық жинақтары үшін иллюстрациялық материалдарды әзірлеу және іріктеу;
- Тақырыптық тізімдерді құру бойынша жұмыс: «Қазақ тағамдары» тақырыбындағы «Артекс» жолсілтемесіне фотосуреттер таңдау, М. Қалымовтың шығармаларының тізімі мен бейнелері, «Аналық мейірім».

Ғылыми-дәріптеу жұмысы басылымдармен және Buro 24/7, Onerkz, журнал «Altyn Art» сияқты ақпараттық электронды порталдармен ынтымақтастықта жүзеге асады. С. Айтбаевтың «Бақыт» (К. Мұқажанова), Н. Хлудовтың «Киіз үй ішінде» (Ә. Жадайбаев), Б. Баймен мен Қ. Зәкіровтің шығармалары (С. Мамытова) бойынша материалдар даярланды.

Бөлім мамандары «**Ұлағатты ұрпақ**» білім беру телебағдарламаларын дайындауға және іске қосуға ат салысты. Әлемдік суретшілер Брюллов, Веласкес, Вйвазовский, Дюрер, Давид, Фальконе мен қазақстандық қылқалам шеберлері Г. Ысмайылова, Ә. Қастеев, О. Кужеленко, С. Айтбаев, Р. Мамбекованың шығармашылықтары тақырыптары бойынша 16 онлайн-сабақ әзірленді, сондай-ақ, вазаға өрнексурет салу, өнердегі Жамбыл бейнесі бойынша, Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы наурыз туралы тақырыптық онлайн-сабақтар да даярланды.

Кураторлық көрмелер саны бойынша 2021 жылы Қазақстанның бейнелеу өнері бөлімі сандық көрсеткіштер бойынша көш бастап тұр. Бөлім қызметкерлері экспозицияны дайындау мен өткізудің барлық кезеңдеріне белсенді қатыса отырып, **музей қабырғасында 17 уақытша көрмеге жетекшілік етті**. Көрмелерді жылжыту және жалпы музей қызметі аясында музей қызметкерлері БАҚ өкілдеріне **30-дан астам сұхбат берді**. Сондай-ақ музей қызметкерлері музей тарихы мен қазақстандық өнер шеберлерінің шығармашылығы туралы деректі бағдарламалар түсіруге ат салысады.

Бөлім қызметкерлері музей кеңестерінің: көркемдік-әдістемелік кеңестің, сараптамалық кеңестің, мәдени құндылықтарды әкелу және әкету жөніндегі комиссияның, сондай-ақ мәдениет және білім беру секторы саласындағы өзге де ұйымдар: ҚР СХ хатшылығының, шығармашыл жастар кеңесінің, ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық сыншылар қауымдастығының, МАК және ҚР орта және жоғары оқу орындарының диссертациялық кеңесінің жұмысына қатысады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Бөлімнің жалпы тақырыбы – қазақ халқының қолданбалы өнерінің көркемдік дәстүрлеріндегі этно-стильдің іргелі принциптері (Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің коллекциясы негізінде) қолданбалы өнер туындыларының көркемдік-стилистикалық ерекшеліктерін, әртүрлі материалдарды өңдеудің бірегей техникаларын зерттеуге, түрлік және өңірлік айырмашылықтарды анықтауға бағытталған.

Жеке ғылыми тақырыптар

Жұмабекова Г.М. XIX-XX ғасырлардағы қазақтың зергерлік
Бөлім жетекшісі әшекейлері. Тақырыпша: «Қазақтың зергерлік өнерінің стильдік бағыттары»

Баженова Н.А. XIX-XX ғасырлардағы қазақтың көркем
Аға ғылыми тоқымасы: этникалық ерекшеліктер және мәдени
қызметкер өзара байланыстар

Жұбаниязова Г.Қ. XX-XXI ғасырлардағы қазақ гобеленінің дамуы
Аға ғылыми мен қалыптасуы
қызметкер
(қыркүйекке дейін)

Бөлімнің негізгі жұмысы – музей қорларының ғылыми каталогын дайындау. Қазақстанның зергерлік өнері мен Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің каталогтары жарыққа шыққан. **Қазақстанның заманауи қолданбалы өнері каталогымен жұмыс** жалғасуда: редакциялау және жаңа эспонаттарды атрибуттау, мәліметтерді салыстыру, суретшілер жайында деректерді анықтау (білімі, өмір сүрген кезеңі), жұмысы жайлы (жасалған уақыты, материалы, техникасы).

Бөлім қызметкерлері **ҚР көркемдік құндылықтарының Мемлекеттік Тізімдемесін және ҚР музей қорының мемлекеттік каталогын толықтыру** үшін деректерді беруге қатысады – сәйкесінше **810 сақтау бірлігі** бойынша ақпарат берілді.

3D архиві үшін қазақ және орыс тілдерінде **598 экспонат тізімі** дайындалды.

Бөлім қызметкерлері сондай-ақ **ДЕ ААЖ** цифрлық базасына деректер енгізеді – **20 экспонатқа дерек** енгізілді.

Қор сақтау бөлімімен бірлесіп, барлығын қосқанда, қордағы 1166 шығарманы салыстырып, профилактикалық қараудан өткізді (қазақ және орыс тілдерінде).

Бөлім қызметкерлері Сараптама кеңесінің құрамында, олар көркемсурет туындыларын атрибуттайды, **2 сараптама қорытындысы жасалды.** Олимпиада-2021-де Қазақстан құрама командасының костюмінің дизайнын жасауға консультативтік көмек көрсетілді.

Бөлім қызметкерлерінің конференциялар мен ғылыми форумдарға қатысуы (сөз сөйлеу тақырыптары тиісті бөлімде толық көрсетіледі):

- Жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2021» ғылыми-практикалық конференциясы;
- «Өнер және отбасы» онлайн дөңгелек-үстелі, 14 мамыр;
- Ресей антропологтары мен этнологтарының XIV конгресі, 6 шілде;
- «Мәдениеттер жазықтығы» онлайн-конференциясы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, шығыстану факультеті, 29 қаңтар;
- Республикалық ғылыми-практикалық конференция, О. Таңсықбаев атындағы АСҚӨК, 24 ақпан;
- «Мәдениет кеңістігі: инклюзивтік өзара іс-қимыл аумағы» дөңгелек үстелі;
- Орталық Ақия және Оңтүстік Кавказ музей қызметкерлері үшін екінші онлайн-вебинар. ЮНЕСКО Алматы, 25 ақпан;
- Online Cultural Conference, Түрікменстан, 30 қараша.

Бөлім қызметкерлері «Әсем әлем» аясында **3 дәріс оқып, 44 экскурсия өткізді.** Бөлім қызметкерлері «Қазақтар мен Азияның басқа да халықтарының халықтық қолданбалы өнеріндегі үшбірліктің нышаны» (Н. Баженова), «Қазақстан гобелені. Композиция және авторлық манера орындау тәсілі» – Қазақ агротехникалық университетінің студенттеріне (Г. Жұмабекова) онлайн-дәріс оқылды, сондай-ақ музей күніне орай музейдің таңдамалы шығармалары туралы онлайн-бейнероликтер көрсетілді. Балалар мен жасөспірімдер оқуына қолдау көрсету жылы аясында 3 онлайн-ертегі дайындалды: «Тазша бала», «Қырық өтірік», «Төрт таспа» (Г. Жұбаниязова).

Бөлім мамандары «**Ұлағатты ұрпақ**» білім беру телебағдарламаларын дайындап, **іске қосуға қатысты**, әр түрлі тақырыпта 5 онлайн-сабақ дайындалды: «Моншақтар» – киізді ыстықтай басу техникасында, «Жеті таспа бау» – бау тоқу, қазақтың ұлттық «Шымши» техникасы, шалу әдісімен таспа бау тоқу, саздан бұйым жасау (Н. Баженова). Музей қызметкерлері «Акваркельдегі су асты әлемі», «Гуашьпен екі рет жағу техникасындағы гүлдер», «Ағаштарды қарындашпен бейнелеу», «Акварельмен бейнеленген екі зат» натюрморты, «Акварельмен бейнеленген гүл шоғы салынған құмыра», «Қақпа бау» техникасы бойынша өру, «Жеті таспа бау» техникасы бойынша өру,

құрғақтай басу техникасы (алма), ыстықтай басу техникасындағы киіз, панно сияқты бейнелеу өнерін оқыту шеңберінде тақырыптық шеберлік сабақтарын өткізуге қатысады.

Бөлімнің ғылыми-әдістемелік жұмысы:

- Қазақстан СҚӨ бөлімі бойынша студенттерге консультативтік көмек;
- Экспозициядағы QR-кодтарға мәтіндерді дайындау бойынша жұмыс жүргізілді;
- Қазақстан СҚӨ жаңа бөлімі үшін тақырыптық-экспозициялық жоспармен жұмыс;
- ҚР Тұңғыш Президенті Қорының «Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесінде» «Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-ге нашар еститін және саңырау келушілерге арналған ымдау тіліндегі бейне-экскурсиялар» жобасын әзірлеу және қорғау (221 жобаның 50-лік рейтингісіне өтті, бірақ грантты жеңіп ала алмады, жобаны одан әрі ілгерілету көзделуде);
- Инклюзивті жобалар және зағип келушілермен жұмыс бойынша ҚР Ұлттық музейіне онлайн-кеңес (Баженова Н.);
- Музейдің жас мамандарына Қазақстан СҚӨ бөлімі бойынша нұсқаулық экскурсияларды өткізу;
- «Дара» қорының қолдауымен зағип және нашар көретін келушілер үшін аудиодескрипцияны енгізу жобасы бойынша жұмыс жүргізу;
- Түкті ою-өрнек техникасында тоқылған тактильді экспонаттар сериясын жасау.

Бөлім қызметкерлері **5 уақытша көрмеге жетекшілік етті**, соның ішінде ҚР Қолөнершілер одағының «Шебер. Біздің мұра» көрмесі де бар.

Инклюзивтік жобаларды жүзеге асыру бойынша бөлім үлкен жұмыс жүргізуде. Н. Баженова мүгедектігі бар балаларға арналған **экскурсиялар** жүргізеді, сондай-ақ мүгедек балаларға бағытталған әлеуметтік қайырымдылық жобаларының кураторы. Г. Жұбаниязовамен бірге нашар көретін және зағип жандарға арналған **тоқыма экспонаттарын жасап, дайындауға қатысады**.

Бөлім мамандары аймақтық және халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысып, баяндамалар жасады және ғылыми материалдарды дайындау бойынша жұмыс істеді. Бөлімдегі жарияланымдардың жалпы саны – **5 ғылыми мақала** (аттас бөлімдерде толық мағынасы көрсетілген).

ШЕТ ЕЛ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Жинақтама әлемдік өнердің түрлі бағыттары мен стильдерін көрсете отырып, Ресей, Батыс Еуропа, Шығыс, Америка, Африка елдерінің XVI ғасырдан бастап түрлі кезеңдегі өнерін көрсетеді. Коллекцияның бұл

бөлімі музей құрылған сәттен бастап қалыптасты және осында Орталық Азиядағы ең үздіктердің бірі болатын бірегей экспонаттар бар.

Жеке ғылыми тақырыптары

- | | |
|--|---|
| Сырлыбаева Г.Н.
Бөлім жетекшісі | 1. Қазақстан – 1930-1940-жылдардағы суретшілердің туындыларында. ҚР МӨМ коллекциясы үлгісінде
2. ҚР МӨМ жинақтамасындағы орыс суретшілерінің туындыларын зерттеу және атрибуттау |
| Вологодская В.А.
Кіші ғылыми қызметкер | ҚР МӨМ Батыс Еуропа өнері коллекциясының жанрлық сан алуандығы. Зерттеу және атрибуттау |
| Айдарбек А.
Кіші ғылыми қызметкер | XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдағы көркемдік бейнені түсіндіру |
| Сальникова М. | Қыркүйекке дейін жұмыс істеді |

Музейдегі ғылыми жұмыс экспонаттарды ғылыми зерттеу мен өңдеуді қамтиды, бөлім қызметкерлері жыл бойы ғылыми зерттеулер жүргізеді. Бөлім мамандары музей қорындағы **57 туындыға ғылыми сипаттама** жазылды. Ғылыми картотекалар жүргізілуде (деректерді нақтылау, толықтырулар енгізу), авторлық картотека – 5 жаңа карточка іске қосылды.

Көркем шығармаларды атрибуттау бойынша жұмыс жүргізілуде – 1 шығарма, портреттегі адамның аты мен портреттің жасалған жылын анықтаудың сәті түсті. Зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша ғылыми конференцияда Сырлыбаева Г.Н. баяндама жасады.

Сараптамалық кеңестің қызметі шеңберінде **11 сараптамалық қорытынды дайындалды** (Вологодская В.). Вологодская В. мен Айдарбек А. құжаттарды, кеңестердің хаттамаларын жүргізе отырып, Сараптамалық кеңес хатшысының міндетін кезекпен атқарды, жеке тұлғалардан туындыларды қабылдау және қайтару жұмыстарын жүзеге асырды.

Бөлімнің қызметі шеңберіндегі ғылыми каталогпен жұмысы музейдің басқа бөлімшелерімен салыстырғанда қиындау, өйткені бір бөлімдегі сақтау қоры Батыс Еуропа, Шығыс, Ресей және XX ғасырдағы шетелдік өнерді біріктіретін әртүрлі тақырыптық бөлімдерді біріктіреді.

Қызметкерлердің әрқайсысы ғылыми каталог бойынша жұмыс жүргізеді:

Ежелгі орыс өнер каталогы: икондарға 122 мәтіндік аннотация әзірлеу; каталогқа енгізу үшін икон тақтасының қалыңдығы өлшенеді – Сырлыбаева Г.Н.

- «Заманауи шет елдік баспа графикасы» каталогы – 1383 сақтау бірлігі. Жетпеген биографиялық деректерді табу – Вологодская В.
- «Шығыс өнері. Жапония» каталогы. «Жапон қышы» бөлімі. Материалдар жинау – Вологодская В.
- «Экслибрис» каталогы (91 бет.): 55 автор, 142 шығарма, әдеби шығармалардың авторлары мен келіп түскен парақтардың иелері туралы 87 мәлімет жазылған қосымша карталар енгізілді, 4 авторлық карта жасалды – Айдарбек А.

Бөлім мамандары музей коллекциясының материалдарын және көрме қызметінің тәжірибесін зерттейтін 6 ғылыми жарияланым дайындады.

Музей мамандары ғылыми жобаларға, конференцияларға, семинарларға қатысады:

- «Қастеев оқулары-2021»;
- ҚР БҒМ М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Бейнелеу өнері мұрасының патриоттық әлеуеті» халықаралық ғылыми конференциясы, 7 қыркүйек 2021;
- «Қазіргі кездегі архив ісі: проблемалар, практикалар, инновациялар» халықаралық конференциясы. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, 20 қазан, 2021 жыл.
